This article is devoted to the actual for today problem of education of patriotic feelings in the younger generation of the Republic of Kazakhstan. The role of patriotic education in modern Kazakhstan society is revealed. Patriotism is seen as the most important value integrating the social and spiritual-moral component. It is noted that it is possible to form a civil position only on the basis of feelings of duty and responsibility rooted in the mind of the individual. The problem of patriotic education is viewed through the prism of the national and cultural experience of Kazakhstani society. The phenomenon of patriotism manifests itself as one of the most significant, everlasting values, based on the highest level of development of all macro characteristics of the individual, embodied in her active-activity socially significant self-realization in the interests of the Fatherland. The influence of higher educational institutions on the patriotic education of students are analyzed. The article formulated the features of modern patriotic education in the Karaganda State Technical University. The model of patriotic education in this university has the necessary theoretical and motivational justification, it is a kind of system that allows to implement patriotic education in a comprehensive manner taking into account the various forms and methods developed by modern pedagogy.

**Keywords:** patriotic education, youth, value, multinational state, the Republic of Kazakhstan

#### **List of references:**

1. Poslanie Prezidenta Respublikı Kazahstan – Lidera natsii Nursultana Nazarbaeva narodu Kazahstana «Strategiya «Kazakhstan-2050»: novyy politicheskiy kurs sostoyavshegosya gosudarstva» ot 14 dekabrya 2012 g. //Kazahstanskaya pravda. – 2012. – 14 dekabrya. – S. 3.
2. Zhumagulov B. Patriotizm – putevodnaya zvezda molodyih [Elektronnyiy resurs] //www.nomad.su/?a=3-201106160027 (data obrascheniya: 29.12.2017).
3. Ferho S.I. Vospitanie kazahstanskogo patriotizma: problemy i perspektivyi //Kazahstanskaya pravda. – 2013. – 23 yanvarya. – S. 4.
4. Uказ Президента Республики Казахстан «Об утверждении Государственной программы по развитию образованием Республики Казахстан на 2011-2020 годы» от 7 декабря 2010 г. //Kazahstanskaya pravda. – 2010. – 8 декабря. – S. 1.
5. Nurligenova Z.N., Tihonov A.D., Bezzelov V.I. Aktualnost patrioticheskogo vospitaniya molodezhi v sovremennoy usloviyah //Molodoy ucheniy. – 2016. – #6. – S. 651-655.
6. Gazaliev A.M. Patrioticheskoe vospitanie studencheskoy molodezhi (iz opyta KarGTU). //Rol Pervogo Prezidenta Respublikı Kazahstan N.A. Nazarbaeva v formirovani kazahstanskoy modeli gosudarstvennogo stroitelstva. V pomosh kuratoram studencheskikh grupp. Sbornik 1 / Pod red. akad. NAN RK A.M. Gazalieva. – 3-e izdanie, pererab. i dop. – Karaganda: Izd-vo Karagandinskogo gosudarstvennogo tehnicheskogo universiteta, 2016. – 116 s.

7. Srednee obrazovanie v Kazahstane: sostoyanie i perspektivy. – Astana: Natsionalnaya akademiya obrazovaniya im. I. Altyinsarina, 2015. – 248 s.

8. Poslanie Glavyi gosudarstva N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana «Kazahstanskiy put-2050: Edinaya tsel, edinyie interesyi, edinoe buduschee» //Kazahstanskaya pravda. – 2014. – 18 yanvarya. – S. 3.

9. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana «Sotsialno-ekonomiceskaya modernizatsiya – glavniy vektor razvitiya Kazahstana» ot 27 yanvarya 2012 g. //Kazahstanskaya pravda. – 2012. – 27 yanvarya. – S. 2.

ӘОК 37.04: 378.146

**Қалимаш Амангельдиновна Сарбасова**  
kalimash.70@mail.ru

**«Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**  
Ляззат Гинятовна Балабекова  
lyaka1982e@mail.ru

**Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,**  
**Қарағанды, Қазақстан Республикасы**

## **КОУЧИНГ-ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІМДЕРІН АРТТЫРУ ТӘСІЛІ**

Педагогтардың кәсіби дамуында үздіксіз тәжірибе алмасуында коучингтің алатын орны зор. Мақалада педагогтардың әріптерімен бірге коучинг пен тәлімгерлік арқылы жаңа тәсілдерді пәнге енгізу үшін жұмыс істеулері керектігі жайлы тоқталады. Коучинг үдерісі тәлімгерлік үдерісімен байланысты: коучинг нақты тақырып бойынша әріпесінің кәсіби мүмкіндіктерін ашуға бағытталса, тәлімгерлік оған жүйелі, жан-жақты кәсіби қолдау көрсетуді көздейтін жайында айтылады.

**Кілтті сөздер:** Коучинг, коучер, тәлімгер, инновация, рефлексия.

XXI ғасырдың талабына сай жаңа технологиялар дамуына байланысты дүниежүзі де бір қалыпта тұрған жок. Осы дәүірge дейін – акпараттық қоғам, технологиялық мәдениет, айналадағы дүниеге адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне қарайтын болды. Ғылыми – техникалық әлеуметтік және де бәсекелестік жағдайда өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін арттыру басты фактор болып тұр.

Қазіргі заманы заману тәсілде сапалы жаңа тұлғалық санаттарды сезіну және пайдалану негізге алынған, олар педагогтің тек өздері қалайтын қасиеттеріне ғана емес, нағыз шешуші кәсіби құзіреттеріне айналуы туиі [1].

Жақсы педагог - әрқашан да кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын тәжірибесіне ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі.

Жоғары білім беру саласында заманауи бағыттардың бірі коучинг болып табылады. Коучинг - (ағыл.coaching - оқу, жаттығу) бұл барынша тиімді нәтижені алу мақсатында даму үдерісіне қатысушылардың бірлескен әлеуметтік, жеке тұлғалық және шығармашылық әлеуетін іске асыру жүйесі.

Коучинг- бұл барлық жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесінде өзара әрекет етудің тиімділігін арттыру аспабы. Сондыктan жаңа технологияны пайдалана отырып, педагогтардың шеберліктерін арттырату мақсатында академия қабырғасында топтық коучинг ұйымдастырылада. Ондағы мақсат оқыту үдерісінде коучингті пайдалану мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін түсіну, өмірдегі қыншылықтарды жеңе білуге тәрбиелеу болып табылады.

Коучинг мына кезеңдерден тұрады:

- мақсат қою;
- заттардың шынайы жағдайын түсіну;
- мақсатқа жету тәсілдерін айқындау;
- жету

Әр коучингте шеберлік пен ынта қажет болғандықтан тиянақты дайындалып отыру қажет. Тапсырмаларды түрлендіріп, оны өмірмен байланыстырып, әр сабақ сайын топтарды өзгертіп отырады. Әрбір коучингте қатысқан қатысуышылардың қызығушылықтары үнемі артып отырады. Әр коучингтің сонында жеткен жетістіктер мен кемшіліктер талднып, рефлексия жүргізеді.

Жай мұғалім- хабарлайды

Жақсы мұғалім- түсіндіреді

Керемет мұғалім-көрсетеді

Ұлы мұғалім- шабыттандырады қытай ғұламасы Конфуций айтқандай

мақсатқа жету үшін, әр қатысуши пәнге деген қызығушылықтарын артыруда, оқытудың көптеген жаңа әдіс- тәсілдерін алып, құнделікті оку барысында ұтымды пайдалана білуге тырысу керек.

Бұл – әріптестердің құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Оның барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, оның таралынан рефлексивтік диалогқа тарту негізінде педагог өз жұмысының жекелеген салдарын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдыларымен тәжірибесін жетілдіреді.

Өзгеріс дегеніміз – жаңа тәсілдер. Ынтымақтастықты қалыптастыруды маңызды тәсіл - топтық жұмыс, біріншіден, студенттерге бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырады. Екіншіден, үйымшылдыққа тәрбиелейді. Үшіншіден, бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды[2].

Педагогтарға арнап өткізген коучингтерде тапсырмалар, бейне материалдар көрсету арқылы жүргізілді. Өздері жазған рефлексия арқылы алдына қойған мақсаттарына қаншалықты жеткендерін бағамдай алады.

Коучинг пен тәлімгерліктің тиімділігін қамтамасыз ету үдерісі үш негізгі мәселені қамтиды.

1.Мәнмәтін. Бірден пайдалануға мүмкіндік болу үшін коучинг тәжірибесі мәнмәтінде болуы керек.

2.Өзектілік. Ақпарат пен ұсынымдар студенттер үшін де және олар өткіzetін оку сабактары үшін барынша өзекті болуы керек.

3.Жүйелі тәлімгерлік. Тәлімгер күнде қолдау көрсетуі керек: студенттерге жақында алған дағдыларын бейімдеуде қолдау көрсетіп, олардың табысқа ұмтылуын қамтамасы ету қажет [3].

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау педагог үшін күрделі міндет пен тиімді құрал екенін коучинг барысында бейнежезбадан үзінді көру арқылы білуге болады. Олар постер жазу арқылы сан ойлардың жүйесін, корғау арқылы жеткізді.

Коучер – бұл белгілі бір мақсатқа немесе дәрежеге жеткен және ары қарай дамып, өзіне және өзгелерге жаңалық ашуға дайын адамдар. Олар өзінің белгілі бір қасиетін өзгертуін келетін адамдар, мысалы өз жұмысын әлдеқайда тез және жеңіл атқаруға немесе өзінің өмірін өзгертіп, өзіне пайдалы және ұнамды істер жасауға көбірек бос уақыт бөлгісі келетіндер. Яғни, негізінен өз өмірін жақсы жаққа қарай бұру! Өз қызметінде жетістікке жету үшін тәлімгерге үдерісті білу және түсіну қажет, сонымен қатар коучинг өтетін мәнмәтінге сәйкескелетін әр түрлі стильдер, дағылар мен техникаларды жақсы менгеруге тиіс.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. А.А.Трушевская «ЖОО-ның білім беру кеңістігінде коучинг технологияларын дамыту»//Білім және ғылым проблемалары, - 2014, № 12. Б.227-231.

2. Nazarbayev Intellectual School, UNIVERSITY OF CAMBRIDGE - Мұғалімдерге арналған нұсқаулық - 82 б.

3. Б.Ж.Нығметова «Коучинг ЖОО-ның оку үрдісінде өзара әрекет етудің тиімділігін арттыру құралы» // Педагогикалық диалог, - 2015. № .Б.138

## РЕЗЮМЕ/RESUME

Сарбасова Калимаш Амангельдиновна  
Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан  
Балабекова Ляззат Гинаятовна  
Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова  
Караганда, Республика Казахстан  
**КОУЧИНГ – МЕТОД ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ  
ПЕДАГОГОВ**

Особое место в непрерывном обмене опыта и профессиональном развитии педагогов занимает коучинг. В данной статье, рассуждается внедрение новых методик в предметы образования с помощью коучинга и менторства педагогов с коллегами. Процесс коучинга связан с процессом менторства: если коучинг целится в открытие профессиональных способностей коллег, тогда как менторство целится в оказание систематичной и разносторонней профессиональной поддержки.

**Ключевые слова:** Коучинг, коучер, ментор, инновация, рефлексия.

Sarbassova Kalimash  
Academy "Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan  
Liyazzat Balabekova  
Academician E. A. Buketov Karaganda State University  
Karaganda, Republic of Kazakhstan

## COACHING – METHOD OF PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF PEDAGOGUES

**Annotation:** The role coaching takes in the professional development and the continuous practice exchange of pedagogues is significant. In this article, it is presumed that pedagogues should collaborate with colleagues in order to implement new methods in the subjects through coaching and tutorship. The process of coaching is interconnected with tutorship: coaching aims to discover professional capabilities of colleagues in terms of specific subjects, while tutorship tends to provide systematic, versatile professional support to it.

**Keywords:** Coaching, coacher, tutor, innovation, reflection.

### List of references:

1. A.A. Trushevskaya «Development of coaching technologies in the educational space of the university»//Problems of education and science, - 2014, № 12. Б.227-231.
2. Nazarbayev Intellectual School, UNIVERSITY OF CAMBRIDGE – Manual for teachers - 82 p.
3. B.Z.Nyelmetova «Coaching is a tool to improve the interaction of the university in the learning process» // Pedagogical dialogue, - 2015.№ .Б.1

ӘОЖ 378.14: 371:134

Каир Самигулловна Тлеугабылова  
kair\_st@mail.ru  
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
Жазида Болатовна Амерханова  
414266g@mail.ru  
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРИНІҢ КӘСІПТІК ТӘРБИЕСІ

Мақалада кәсіптік тәрбиенің негізгі аспектілері қарастырылады. Қоғамдағы техникалық білімнің маңыздылығы мен ерекшеліктері жайлы айтылады. Авторлар мамандықты дұрыс тандау келесі факторларға байланысты екенін атап көрсетеді: әлеуметтік-экономикалық, қоғамдағы таңдаған мамандығының орны, болашақ мамандығы туралы білім, материалдық қызығушылық. Қоғам білімді, кәсіби мамандарды талап етеді, себебі қоғамның дамуы кәсіпқой тұлғалардың жетістігіне байланысты.

**Кілтті сөздер:** инженер, техникалық, кәсіби, патриотизм, жаңа заман, практикалық, танымдық, әлеуметтік, мотив, еңбекке ынталандыру, ғылым.

Қазакстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде жастар алдында «Білім мен инновациялар арқылы білім экономикасына жету» тақырыбында өткен дәрісте сөйлеген сөзінде: «Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіруінің басты мақсаты ғылымға сыйымды технологияларды меңгерген, басқару қабілеттілігі бар, нарықтық экономикада бейімделе алатын мамандандырылған мамандар жүзеге асырған жағдайда ғана орындалуы мүмкін.

Қазіргі заманғы инженер маманының жұмысын алып қарасақ, ол жан-жақты болуы тиіс екені анық». Сонымен қатар, «... Техникалық саладағы жақсы кәсіби дайындық өндіріс экономикасы мен оны басқару саласындағы берік білімге негізделу керек». [1]

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, білім жүйесінің, соның ішінде техникалық білімнің дамуына байланысты. Сондықтан да, жоғарғы техникалық білім беру жүйесінің басты мақсаты студенттердің кәсіптік патриотизмге тәрбиелеуге бағытталады.

Бұл пікірлер төмендегі құжаттарда көрініс тапты: «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат тұжырымдамасы» [2], «Білім беру заңы» [3, 4],

Жоғарғы оқу орнының кәсіптік тәрбиесі зерттеу пәні ретінде келесі ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген: Н.М. Борытко, Н.Ф. Гейжан [5], Э.Ф. Зеер [6], А.М. Кузьмин, Л.М. Митин [7]. Берілген зерттеу жұмыстарында кәсіптік тәрбие ең алдымен оқушылардың өзіндік көзқарастарының жағдайын жасау мақсатында қарастырылады.

Қазақстанның педагогика ғылымындағы кәсіптік тәрбиені жетілдіру мәселесі бойынша жан-жақты бағытта зор тәжірибе жиналған. Техникалық тәрбиеге келесі ғалымдардың еңбектері арналған: Б.А. Абдыкаримов [8], А.М. Абдыров [9], Т.Т. Галиева [10]; келесі ғалымдардың еңбектері жоғарғы мектептегі кәсіптік тәрбиені дамыту мәселесіне арналған: Г.З. Адильгазинов, В.В. Егоров [11], Н.А. Завалко, М.Курманов, М.С. Малибекова, Б.К. Момынбаев, Б.А. Мукушев, Г.К. Нұртаева, В.П. Русанов, М.Н. Сарыбеков, Э.Г. Скибицкий, О. Сыздыков, В.Г. Храпченкова.

Техникалық білім беру жүйесі Қазақстан Республикасының даму қажеттіліктеріне сай болуы керек. Сондықтан Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдауында «Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті дамығын елдер қатарына ену стратегиясын» ұсынды. Бұл мақсатқа жету үшін, жүзеге асуы осы мәселені шешу үшін жағдай жасайтын басты 7 даму бағыты анықталған. Осы ең басты бағыттардың бірі жаңа заманға сай білім беруді дамыту болып табылады.

Жоғары техникалық білімнің толық жетілуінің басты мақсаты – сапалы кәсіптік білім алу мен жақсы дағдыларды игеруде білім алушылардың қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстанның болашақ экономикалық дамуы бүгінгі техникалық жоғарғы оқу орны студенттеріне тікелей байланысты болғандықтан, оларды кәсіптік патриотизмге тәрбиелеу білімді толық жетілдірудің басты мақсатының бірі.

Бүгінгі таңда, әрбір студент өз тағдырына қожалық етіп, оның жеке басының қасиеттері өмір деңгейін анықтайтын жағдайда студенттердің өзін-өзі кәсіптік түрғыда танудың маңызы зор. Міне осы жағдайда, тек қана бәсекеге қабілетті еңбек қоры бар тұлғаны ғана емес, сонымен қатар болашақ еңбек әлеуеті бар жеке тұлға тәрбиелеу керек. Таңдалған мамандыққа деген қатынас, оны жан-жағынан және өзін сол мамандықтың иесі ретінде көре білуі студенттің қандай да бір сала маманы ретінде қалыптасуында үлкен роль атқарады. Таңдалған мамандық тек материалдық шығындарды өтейтін қаржат қоры ғана саналмай, адам өмірінде маңызды орынға ие болып, өмірдің бөлігі ретінде саналса ғана, студенттің нағыз маман ретінде қалыптасуы туралы айтуға болады [12].

Білім және тәрбие алу кезінде әрбір студент өзінің өмірінде таңдалған жолы туралы, сол бағыттағы қажетті негізгі білімі жайлыш, іскерлігі мен дағдылары туралы аз да болса ойланып, өмірде, мамандық тандауда және қоғамда өз орнын тапқанда ғана, таңдалған жолы дұрыс екендігі туралы айтуға болады.

Теріс таңдалған мамандық саласы көңілі қайтып қалу мүмкіндігіне әкеліп, адамның шығармашылық қабілеттің дамыту мүмкіндігіне кері өсерін тигізеді. Оның басты себебі, мамандықты тандау дұрыс анықталып, негізделмегендіктен болады.

«Жастар арасында кәсіби және өмірлік бағытты тандау мәселесі жас шамасының ерекшелігіне байланысты болашақ мамандықтың қындықтарын дұрыс түсінбейтін кезде

кездеседі» [12]. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің кәсіби дамуы мамандыққа деген таңдау қатынастарының бұрын көрсетілген формаларымен анықталады. Мамандық таңдау қатынасының мұндай алғашқы белсенді формасы ретінде мектеп кезінде мамандық туралы жоспарлардың қалыптасу үрдісі мен мектеп окушыларының мамандық таңдау және оны таңдау себептері саналады. Мектеп окушыларының кәсіптік жоспарларында саналы, нақты және резервті жобалардың болуы анықталды, мысалы: жоғарғы оқу орнына түсу, уақытша жұмысқа тұру. 50% мектеп түлектерінің арасында жоспарлау мен өзіндік мамандық таңдау мәселелерінің арасында айқын айырмашылық байқалады. Бұл – оларда кәсіптік өз мамандықтарын өздері таңдау мәселесі толық аяқталмағандығын білдіреді. Жоғарғы оқу орнындағы алғашқы оқу жылының аяғында-ақ, студенттердің көбісі бұрын таңдалған мамандықтарын өзгертуге бейім болады. Міне осылайша, педагогикалық жоғарғы оқу орындарында мамандық өзгерктікі келетін студенттер саны – 75%, медициналық жоғарғы оқу орындарында – 63%, техникалық жоғарғы оқу орындарында – 54% құрайды [13].

Студенттердің болашақ мамандық туралы түсініктері, яғни олардың алдарына қойған мақсаттары курсқа көшкен сайын жаңаша өзгеріп, оқу жылының соңында қалыптасу дәрежесіне жетеді. Әрине, студенттер өздерінің болашақ мамандықтары туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты оқыту құрылымы да өзгеріп отыруға тиіс. Студенттердің көбісі өздерінің болашаған негізінде тек практикалық салада қызмет атқарумен байланыстырады, ал кейбіреулері ғылыми іс-әрекетпен, кейбіреулері педагогикалық, әлеуметтік салада қызмет атқарумен байланыстыратынын ескеру керек.

Сондықтан, студенттердің мамандықтарына немесе мамандандыруға деген қөзқарастары мамандықтары туралы түсініктерінің адекватты дәрежесіне ғана емес, оның әлеуметтік беделінің құндылығына байланысты болады деген қорытынды шығаруға болады.

Әр курс студенттерінің оқу ынтасы туралы айтар болсақ, оның құрылымдық динамикасы оқу мақсатымен байланысты екенін аңғарамыз, яғни жоғары курстарда студенттердің оқу әрекеттерінің кәсіби ынталары ролінің артуы байқалады.

Жоғарыда айтылғандай, студенттердің жоғарғы оқу орындарындағы кәсіби батыттарының дамуы өздерінің кәсіптіріне деген болашақ және өткен уақыттағы дұрыс қатынастары арқылы анықталады. Студенттердің болашақ кәсіптіріне деген қатынастарын дұрыс көрсетулерінің басты формасы болып мамандық таңдау және осыған итермелейтін себептер саналады.

В.И. Шкуркинаның зерттеулері бойынша, студенттердің оқу үлгірімдерін жақсарту үшін әлеуметтік-тәнімдық себептер, кәсіби, шығармашылық жетістіктерге жету және жеке бас беделі себептерінің маңызы зор. Білімге кеткен уақыт, окудың қыын және оңай түсіү, мамандыққа деген қатынасы, академиялық үлгірім және студенттердің оқу жұмыстарының баска да көрсеткіштері едәуір мөлшерде нақ осы мотивация түрлерінің көрсетілу дәрежесімен анықталады. Егер студенттердің білім алуында аралық және соңғы нәтижелерге жетуге тырыссак, жоғарғы оқу орындарындағы оқу ісі жұмыстарын ұйымдастырудың бірінші кезекте осыларға жүргіну керек сияқты.

Осыған ұқсас нәтижелер Н.В. Комусованың зерттеулерінен де табылған. Н.М. Пейсаховтың [13] ұсынған топтамасы негізінде, оқу себептерінің барлығы үлкен төрт топқа топтастырылады: кәсіби, танымдық, әлеуметтік тенестіру және пайды тұту мотивтері.

Оқу мотивациясының динамикасын және құрылымын талдау мамандыққа толығымен көңіл толтырудың жалпы орташа көрсеткіші жалпы орташа индексіне сәйкес курстан курсқа төмөндейтіндігін бекітуге мүмкіндік берді. Осыдан кәсіби бағыттылықтан жаңылу оқу ынтасының төмөндеуіне әсерін тигізеді деген тұжырым шығаруға болады. Оқу мотивациясы құрылымындағы динамиканы талдау барысында барлық курстарда басты орында кәсіби мотивтердің, содан кейін танымдық мотивтердің, содан кейін әлеуметтік тенестіру және пайды тұту мотивтерінің тұратындығы аңғарылады.

Кәсіптік оқу барысында орындалуы қыынға соқса да, маңызыды міндеттердің бірі болып өзін-өзі кәсіби қалыптастыру саналады. Бұл міндетті практикалық түрғыда жүзеге асыру үшін, оны теориялық түрғыдан ұғыну қажет, яғни бұл түсініктің педагогикалық мағынасын талдап, өзін-өзі кәсіби қалыптастыру принциптерін тудырып, бұл процестің себептік мәнін көрсету қажет.

Жаңа заманғы қоғамның ең маңызды мақсаттарының бірі – шаруашылық механизмін ұйымдастырудың, еңбеке ынталандыру мен оны ұйымдастырудың негұрлым нәтижелі формаларын табу, әлеуметтік мәселелерді максималды түрде шешу болып табылады. Бұл міндеттердің орындалуы барлық экономикалық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік қатынастарды жүзеге асырган жағдайда ғана мүмкін болады.

Фылым мен техниканың дамуы адам факторының сенімділік және беріктігі мәселелерін алға қояды. Бұл байланыста сапалы дайындықка деген және кәсіби іс-әрекеттің барлық салаларындағы мамандардың кәсіби беріктіктеріне деген талаптары арта түсті. Мұның барлығы студенттердің кәсіби дайындау мәселесіне басқаша көзқараспен қарау қажеттігін көрсетеді.

Мамандық таңдауға дайындық жеке тұлғаның дамуының ажырамас болігі болып саналады және өз бетімен өмір сүрге аяқ басып келе жатқан әрбір жасөспірімнің алдында тұрган маңызды әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылады. Өндірістік іс-әрекет саласы арқылы адам өзінің еңбекке деген қатынасын көрсетеді. Осы іс-әрекет арқылы оның қоғамдағы орны да анықталады. Мамандықты дұрыс таңдау көбінесе жеке тұлғаның ең маңызды және ең қажетті сапаларын қамтамасыз етеді.

Жасөспірімдердің көбісі өздерінің психофизиологиялық қасиеттеріне қарай белгілі бір спектрдағы мамандықты менгере алады. Сондықтан тәрбиелеудің ең маңызды мәселелерінің бірі – жеке тұлғаның негізгі кәсіби сана сезімі болып саналатын жасөспірімдердің құнды, кәсіби маңызы бар сапаларын көрсету және қалыптастыру . Оқытуды ынталандыру деңгейлері қалыптасып келе жатқан кәсіптік сана-сезім деңгйлерімен жеткілікті дәрежеде байланысып тұрады.

Бірінші деңгей кәсіптік маңызы бар қасиеттер мен білімді саналы түрде менгеру процесімен сипатталады. Бұл деңгейдің жағымды процесі оқыту ынтастының дамуымен тығыз байланысты.

Екінші деңгей – бұл белсенді түрде білім алу, кәсіби маңызы бар қасиеттерді және кәсіптік біліктілікті қалыптастыру болып табылады. Олардың дамуының қанагаттану динамикасы өз кезегінде оқыту ынтастын белсенді түрде үшінші деңгейге дейін дамытады.

Ушінші деңгей – бұл кәсіби маңызы бар қасиеттердің даму тұжырымдамасы болып табылады.

Кәсіптік оқытуға ынталандыруды дамыту деңгейінің көрінісі кәсіптік оқыту бағдарламасын педагогикалық тұрғыда негіздел, осы негізде тәрбие процесін қалыптастыру үшін қажет.

Бұл тұрғыда келесі мәселелерді тұжырымдап айтуға болады:

Жалпы, жоғарғы мектептегі оқыту процесі тәрбие жұмысын нәтижелі етіп ұйымдастыруға мүмкіндік беретін студенттердің өздерінің кәсіби ынта-жігерін жүзеге асырудың жоғары ынталандыру процесіне бағытталады.

Алайда, студенттердің барлығы бірдей емес. Олардың оқу ынталары мен кәсіптік сана-сезімдері дамудың әр дәрежесі мен әр деңгейлерінде әртүрлі болып келеді.

Жоғарыда айтылғанға дәлел Н.А.Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінде қосымша 2018-2019 оку жылында тағы 20 мың гранттың 11 мыны техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады. Бұл төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада зор сұранысқа ие болатын сан мың жаңа маманды даярлауға мүмкіндік береді. Мұнда ең алдымен инженерлер, ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласының мамандары туралы сөз болып отыр[14].

Осылайша, жоғарғы оқу орындарының ең негізгі міндеттерінің бірі – студенттік ортада маңыздылығын, оның қажеттілігін, кәсіптік патриотизмге тәрбиелеу болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылдың 16 шілдесінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлттық Университетіндегі жастар алдында дәрісі.
2. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат тұжырымдамасы – Жоғарғы білім берудегі занды құжаттар жинағы – Алматы, 1996.- 1 бөлім. – Б. 309-324.
3. «Білім туралы» Заң – Алматы, 28.12.2017.- Б .168.
4. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім туралы» Заң – Алматы, 2017.
5. Борытко Н.М. Субъектное становление специалиста как цель профессионального воспитания студента вуза // Воспитательная среда вуза как фактор профессионального становления специалиста: материалы II межрегиональная научно-методическая конференция. — Воронеж, 2002. — С. 215–218.
6. Зеер Э.Ф. Личностно ориентированное профессиональное образование, Екатеринбург: ОМПУ, 1998. - С.126.
7. Митина Л.М. «Кәсіптік психология » – М.: Білім, 1996. – Б. 171.
8. Әбдікәрімов Б.А. Қазақстанда кәсіптік білім беруді жаңартудың кейбір мәселелері // ҚарМУ Хабаршысы: Педагогика сериясы, 2005.- № 3. – Б.5-11.

9. Әбдіров А.М. Агро-өнеркәсіптік кешендер инженерлерін кәсіптік дайындау теориясы мен практикасы: автореф. дис. ... пед.ғыл.док. – Түркістан, 2006. – Б.48.
10. Галлиев Т.Т. Оқу процесінің қарқындауына жүйелік көзқарас (жоғарғы оқу орнының техникалық мамандықтарына арналған): автореф. дис. ... пед.ғыл.док. – Караганды, 2002. – Б. 45.
11. Егоров В.В., Скибицкий Э.Г. Педагогика высшей школы – Караганда, 2005. – С.200 .
12. Момынбаев Б.К. Кәсіптік білім және уақыт талабы // Егемен Қазақстан, 2005. – 10 наурыз (№ 48).
13. Тлеугабылова К.С., Огольцова Е.Г. Гуманитарлық пәндер менгерілетін техникалық білім – Караганды, 2015. – Б. 14.
14. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бағастамасы» атты халыққа үндеуі, 2018.-5 наурыз.

## РЕЗЮМЕ/RESUME

**Тлеугабылова Каир Самигулловна**  
**Амерханова Жазида Болатовна**  
**Карагандинский государственный технический университет,**  
**Караганда, Республика Казахстан**  
**ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

В статье рассматриваются основные аспекты профессионального воспитания. Отмечено важность и особенности технического воспитания в обществе. Авторы отмечают, что правильный выбор профессии зависит от следующих факторов: социально-экономический, место выбранной профессии в обществе, знание о будущей профессии, материальная заинтересованность. Общество заинтересовано в правильном профессиональном воспитании молодежи, так как развитие общества зависит от успеха профессионально развитых личностей.

**Ключевые слова:** инженер, технический, профессиональный, патриотизм, новое время, практический, познавательный, социальный, мотивированный, стимулированный к труду, наука.

**Tleugabylova Kair  
Amerhanova Zhazida**  
**Karaganda State Technical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan**  
**VOCATIONAL EDUCATION OF TECHNICAL UNIVERSITY STUDENTS**

The article considered the main aspects of vocational education. Importance and characteristics of technical education in the community were noted. The authors note that the right choice of profession depends on the following factors: socio-economic, the place of the chosen profession in the society, knowledge about the future profession, material interest. The society is interested in the right professional education of youth, as the development of society depends on the success of professionally developed personalities.

**Keywords:** engineer, technical, vocational, patriotism, modern times, practical, cognitive, social, motivational, stimulation, science.

### List of references:

1. President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev's lecture at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, July 16, 2006.
2. The concept of public policy in the education system - Collection of legal documents in higher education - Almaty, 1996.- Part 1.- P.309-324.
3. The Law on Education - Almaty, 28.12.2017. – P.168.
4. Changes and amendments to the Law on Education - Almaty, 2017.
5. Borutko N.K. Formation of the subject as a subject of vocational education of university students - Voronezh, 2002. –P. 215-218.
6. Zeer E.F. Vocational education in person - Ekaterinburg: OMPU, 1998. – P.126.
7. Mitina L.M. «Vocational psychology» - M.: Education, 1996. – P.171.
8. Abdykarimov B.A. Some problems of modernization of vocational education in Kazakhstan // Bulletin of the KarSTU: Pedagogy Series, 2005.-№ 3.- P.5-11.

9. Abdirov A.M. Theory and practice of vocational training of agro-industrial complex engineers: abstract. - Turkestan, 2006.- P. 48.
10. Galliev T.T. Systematic approach to the development of the educational process (for technical specialties of university): abstract. - Karaganda, 2002.- P.45.
11. Egorov V.V., Skibitsky E.G. Pedagogy of the university – Karaganda, 2005. – P. 200.
12. Momynbaev B.K. Vocational education and time requirements // Egemen Kazakhstan, 2005. - March 10 (№ 48).
13. Tleugabylova K.S., Ogoltsova E.G. Technical education of humanitarians disciplines - Karaganda, 2015. – P. 14.
14. President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev's speech on "Five social Initiative ",2018.- March 5.

ӘОЖ 37.014.5

**Салтанат Сергалиевна Туркенова**  
**saltanat\_turkeno@mail.ru**  
**КР НМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,**  
**Қарағанды, Қазақстан Республикасы**  
**Талгат Куанышевич Туркенов**  
**turkenow@mail.ru**  
**«Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**  
**Перизат Қайыржанқызы Төлеген**  
**arugan07@mail.ru**  
**А. Мусин атындағы Балхаш гуманитарлық техникалық колледжі,**  
**Балқаш, Қазақстан Республикасы**

## **ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАНЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕ ПРОЦЕСТЕРИНІҢ МАЗМҰНЫ**

Мақалада қоғам дамуындағы ақпараттық технологиялардың даму жағдайы және білім беру мен тәрбие процестерінің мазмұны қарастырылған. Білім берудің ақпараттандырылуы – ақпараттық технологияның пайда болу, енгізу және дамыту мәселелерінің жиынтығы.

**Кілтті сөздер:** қоғам дамуы, жаңа технологиялар, ақпараттық технологиялар, ақпараттандыру, инновациялық процесс, оқу-тәрбие үдерісі

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оку - ағарту саласының оку процесіне жаңа технологиялық әдістер мен жаңа технологиялық қондырылғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде. Электрондық байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігін өркениетті елдердің іс - тәжірибелері айқын көрсетіп отыр.

Сондықтан республикамызда білім беру жүйесі бойынша білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу елеулі мәселеге айналуда. Осындай ізгі мақсаттарды іске асыру жолындағы жұмыстар жасалуда.

Қазіргі өркениетті қоғамның даму кезеңі ақпараттандыру үдерісі арқылы сипатталады. Бұл процестің басты ерекшелігі – қоғамда ақпараттық құралдар негізінде алынған ақпараттарды жинау, өндеу, сактау және қолдану болып табылатын жетекші іс – әрекет.

Қазіргі заманда қоғамның барлық салалары ақпараттандырылуда. Ал, білім беру жүйесінің ақпараттандырылуы – білім ордасында компьютер орнату және оларды Интернетке қосу ғана емес, бұл болашақта ақпараттық қоғам жағдайында өмір сүретін және жұмыс жасайтын окушылардың білім алушының мазмұны, әдістері мен ұйымдастыру формаларын өзгертертін ұзақ та күрделі үрдіс [1].

Жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамның бар саласына енүі білім беру негізінде айналды. Жаңа ақпараттық технологиялардың оку процесіне енүіне байланысты арнайы пәндер өзгеріске ұшырап, білім мазмұнында өзгерістерге әкелді.

Қоғамдағы ақпараттандыру және жаһандау үрдісіне байланысты білім теренедеді және ғылыми тұрғыда қарастырып, жүйелік сипатқа ие болды. Қалыптасқан білім беру жүйесі, оның ішінде жоғары кәсіптік, әрі ақпараттық білім беру жаңа сапа тұрғысынан көрінуде. Бүгінгі таңдағы басты міндет – отандық білім беру жүйесін дүниежүзілік стандартқа жақындау, ол өз кезегінде жаңа білім бағдарламаларын, жаңа педагогикалық технологияларды қажет етеді.

Қоғам өмірінің барлық салаларын реформалау кезеңінде қазақстандық білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енүі ақпараттық негізінде ғана табысты нәтиже берері анық. Ақпараттандыру кезеңінде дүниеге келіп жатқан өте мол ақпарат пен хабардарлықты пайдалана отырып, нақты мәселелер мен әртүрлі қызын жағдайды тиімді де шапшаң женіп шығу үшін республикада қаркынды түрде қоғамды ақпараттандыру жүзеге асырылуда.

Білім беру саласын ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Осылан орай білім берудің жаңа технологиялық саласын ғылыми-әдістемелік және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етудің негізгі міндеттері көзделді.

Бұл міндеттердің шешімін табуда республикада білім беруді ақпараттандырудың республикалық, қалалық және аймақтық ғылыми-әдістемелік орталықтары жұмыс істейді. Мұнда ғылыми ақпаратты технологияның талаптарына сәйкес, білім беру жүйесінің барлық пәндері бойынша оқытудың бағдарламалық құралдары жасалуда.

Ақпараттық технологиялар – ақпараттық ресурстарды пайдалану үрдісін женілдету, сондай-ақ олардың сенімділігі мен жеделдігін арттыру мақсатында ақпарат жинауды, өңдеуді, сактауды, таратуды және таңда алуды қамтамасыз ететін технологиялық тізбекке біркітілген әдістердің, өндірістік үрдістердің және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы.

Ақпараттық технологияларды енгізу мен өңдеуге бағдарлану, зерттеу процесінің белсендірілуі оқыту мазмұнындағы өзгерістерге байланысты. Бұл қоғамның әлеуметтік тапсырысына және дамушы практика мен ғылыми тәжірибелің қажеттіліктеріне тәуелді болады.

Ақпараттық технологиялар – ақпаратты алуға, талдауға және таратуға бағдарланған технологиялар. Ақпараттық технологиялар өз дамуында келесі бірнеше кезендерден өтті: қолжазба (қаламұш пен сия), механикалық (жазатын машинка), электрлік (электрлік машина, ксерокс), электрондық немесе компьютерлік [2].

Білім беру технологияларын қолдану оқу-тәрбие процесіне ақпараттық технологияларды кең енгізу және ғылыми-техникалық прогресс дамуымен тығыз байланысты. Оқытудың техникалық құралдары білім беру технологияларының құрылуы және дамуы үрдісімен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда кез келген қызмет аясында ақпараттық технологияларды қолдану қажеттігі өз алдына, ақпаратты жедел алу және сұрыптау алынған ақпаратты тиімді сактау өзекті мәселелер қатарына жатады.

Ақпараттандыруды дамыту тенденциялары ғылыми-техникалық, ақпараттық, технологиялық прогресс жағдайында енбектенуге қабілетті және өз мүмкіндіктерін көрсете алатын адамдар тәрбиесіне ерекше назар аударуды талап етеді. Сонымен қатар күрделі міндеттерді шешуге қабілетті ойлауы бар мамандарды даярлау қазіргі қоғамның бірінші дәрежелі міндеті болып табылады. Ақпараттық қоғам жағдайында оқытуға жаңа технологиялар енгизетін үздіксіз білім берудің барлық жүйесін ақпараттандыру қажет.

Қоғамды ақпараттандыруда ақпаратты тарату, сактау және қайта өңдеу мақсатында ақпараттық технологияларды қолданудың прогрессивті дамуы сипатталады.

Ақпараттық технологиялар – бүгінгі күннің ғылыми-техникалық үрдісінің деңгейін жоғарылату үшін қажетті стратегиялық ресурс болып табылады. Ақпараттық технологиялар ақпараттық жүйелерге негіз болады.

Ақпараттық технологиялар білім беру сапасын арттыру көзі болып табылады. Ақпараттық технологияларды оқытудың компьютерлік технологиялары ретінде қарастырады. Мұнда білім мен бақылау құралының негізгі тасымалдаушылары бағдарламалық - педагогикалық құралдар деп аталатын арнайы бағдарламалар болып табылады. Ақпараттық технологиялар педагогикалық технологиялардың негізгі принциптерін қанағаттандырып, дидактикада қарастырылмаған міндеттерді шешеді. Ақпаратты беру және даярлау құралы компьютер болып табылады. Ақпараттық технологиялардың негізінде ақпаратты өңдеудің қазіргі кездегі құралдары жатыр. Ақпараттық технологиялардың компьютердің көмегімен ақпаратты алу, алмастыру, бағалау, түзету және қайта жаңғыру әрекеттерін жүзеге асыратының ескерсек, онда ақпараттық технологияларға «ақпараттық негізде оқушылардың жеке тұлғалық дамуы, тәрбиесі және оқыту үдерісін жобалау, үйымдастыру, жүзеге асыру, бағалау, түзету және қайта жаңғыру» технологиялары деп түсініктеме беруге болады [3].

Қоғамдық прогрессстің маңызды шарттарының бірі қоғамдағы әртүрлі жаңалықтарды жасау және тарату болып табылады. Қоғамда өріс алып жатқан жаңалықтар білімге жаңа тұрғыдан келуді көздейді. Бұл қазіргі уақыттағы адамдардың инициативасы мен шығармашылық әрекетін есепке алады. Қазіргі кезде бүріннан қалыптасып қалған оқыту әдістерін қолдану мен адамның жаңа жағдайларға бейімделу мүмкіндігі арасында қайшылықтар туындал отыр. Бұл байланыста «инновациялық оқыту» өзекті болып табылады. Оқытудағы инновация әлемдік процестермен, білімнің интеграциясы және әлеуметтік болмыс формаларымен тығыз байланысты.

Білім беру саласындағы ақпараттандыру – педагогиканы оқыту мен тәрбиенің психологиялық – педагогикалық мақсаттарының жүзеге асырылуына бағытталған жаңа ақпараттық технологияларды өндөу және қолдану теориясы және практикасымен қамтамасыз ету үдерісі.

Білім берудің ақпараттық технологиялары – оқыту барысында ақпарат беру процесінің оптимизациясы жолымен білім беру мақсаттарына жету әдістері, оқытудың барысы мен нәтижесін бақылау үдерісінің объективтілігі.

Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыру – бүгінгі күннің басты мақсаты.

Қоғам дамуының әр кезеңінде жас ұрпаққа берілетін білімнің құрамы мен құрылымына қойылған жаңа талаптар мен соған сәйкес енгізілген өзгерістердің сипаты сыртқы және ішкі факторлардың негізінде анықталады.

Егемендік алғаннан бері елімізде білім берудің жаңа сапалық деңгейге көтеру мақсатында аталған факторларды, олардан туындаған мәселелерді, шешуі табылмаған қайшылықтар мен мәселелерді пайымдай отырып реформа жүргізілуде.

Көбінесе жаңа технологиялардың жеке түрлерін қолдану туралы тәжірибелер жазылады, ал оларға окушының дайындық дәрежесін ескере отырып қолдану, біртіндеп құрделендіру, технологияларды өзара байланыстыра қолдану, оларды пайдаланудағы жүйелілік, жоспарлылық жағы онша ескерілмейді.

XXI ғасыр адамзаты санаын мәдениет түрғысынан ғана қалыптастыру жеткіліксіз. Бүгінгі жаһандану кезеңінде өз ұлтының құндылықтарын сактап, оны әрі қарай дамыта отырып дүниежүзілік өркениет жетістіктерімен байта алатын, әлемдік көзқарасы қалыптасқан, ұлттық рухы биік азамат болуы керек.

Бүгінгі таңда білім беру қызметін көрсетуде бәсеке күшеюде, тұтынушылардың дайындық деңгейіне деген талаптар өсуде.

Білім беру қоғамдық әрекет ретінде қоғамда өзгеріс ізін қалдырады. Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың белгілі дәрежесінің нәтижесі немесе салдары деуге болады. Дегенмен, кері байланыс та бар. Білім беру жүйесінің өзі қоғам мен оның дамуына ықпал етеді. Ол қоғамдық дамуды тездетуі немесе тежеуі мүмкін. Осы негізде білім берудегі бетбұрыс қоғамның болашақ дамуының тек салдары болып қоймай, қажетті шарттары да болып табылады [4].

Әлемдік білім беру жүйесіндегі өзгерістер ақпараттық қоғам деп аталатын жаңа ортаның пайда болуымен байланысты.

Қазіргі кездегі көрнекі құралдардың жаңа жанрларының бірі – мультимедиялық энциклопедия, электронды оқулықтар. Ол студенттің шығармашылықпен жұмыс жасаудың мүмкіндік береді. Электронды оқу материалының ішкі мазмұны үнемі Интернет желісі және басқа электронды кітапханалар арқылы толықтырылып отырылады, сондықтан ол ақпарат жинақтаудың қайнар көзі. Электронды оқулық студент үшін өз бетінше жұмыс істеудің мүмкіндік берумен қатар ғылыми курс бойынша жан-жақты толық мәлімет бере алады.

Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар қажет мамандарды талап етті. Қазіргі кезде білім беруде кеңінен қолданылған негізгі құралдардың бірі – автоматтандырылған оқытушы жүйелер. Автоматтандырылған оқытушы жүйелер – оқытуға тиімді тәсілдерді практикалық түрғыда ендирумен және өндөумен, технологияның психологиялық – педагогикалық факторларын зерттеумен айналысады ғылым.

Оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін алып қарап, жаңа ақпараттық технологияның бұл саладағы ролі туралы айтсақ, оқу процесінің мәнінде және оқытудың түрінде алатын орны өз алдына бөлек. Оқыту теориясы зерттейтін проблемалардың ішінде білімнің жүйелілігі, ғылымилығы мен көрnekілігі, теория мен тәжірибелінің байланысы жағынан жаңа ақпараттық технологияны білім мазмұнымен сабактастырудың мәнін көруге болады. Оқытудың компьютерлік технологиясының дидактикалық принциптерінің сакталуының өзіндік ерекшеліктері ақпараттық жүйелер арқылы толықтырылып, жүйелілілікпен жаңа білім деңгейіне көтеру арқылы оқыту процесінің қарқының жоғалтып, сапасын арттыру мүмкіндігі туатынын, интеллектуалды деңгейі (ішкі білім) басқа интеллектуалды тәжірибемен (сыртқы білім) толықтырылатынын, қосымша ынталандырудың жүзеге асырылатынын көрсетті.

Қоғамның ақпараттандырылуы қазіргі педагогиканың алдына маңызды міндет қойды, яғни ақпараттық технологияны белсенді қолдануға қабілетті ұрпақты тәрбиелеу және оқыту. Бұл міндетті шешу қоғамның әлеуметтік тапсырысы ретінде біріншіден, оқу мекемесінің техникалық жабдықталуынан, екіншіден, оқу ақпаратын қабылдауға білім алушының дайындығы мен қабілеттіне байланысты болып келеді.

Білім берудің ақпараттандырылуы – оқу-тәрбие үдерісіне ғылыми негізделген және эксперименттік түрде тексерілген дидактикалық жаңарыстар енгізу. Білім берудің ақпараттық технологияларын енгізу мен қолдану мақсаты білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер құрумен байланысты.

Білім берудің ақпараттық жүйесі білім беру саласында аспектілерді ашады, міндеттер қояды, оқу үдерісіне жаңа технологиялар енгізеді. Бүтінде білім беру жүйесінің ақпараттандырылуының даму деңгейі мемлекеттің даму деңгейімен сипатталады. Білім берудің ақпараттандырылуы – ақпараттық технологияның пайда болу, енгізу және дамыту мәселелерінің жиынтығы.

Жаңа ақпараттық технологиялар педагогтың еңбек сапасы мен жан-жақтылық деңгейіне білім көлеміне және оларды жүйелі ұйымдастыруға ғана емес, сонымен бірге педагогикалық шеберлікке де талап қояды. Оқытудың мақсаты мен мазмұнының өзгеруі білім берудің ақпараттандырудың жетекші звеносы болып табылады. Оқу үрдісін технологиялық жағынан жабдықтау, оқытуды ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерінің пайда болуы қойылған мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді. Оқытудың мазмұнының өзгеруі қоғамның ақпараттандырул үдерісінің дамуына байланысты өзгеріп отыратын бірнеше бағытта жүреді.

## РЕЗЮМЕ/RESUME

**Туркенова Салтанат Серғалиевна**

**Карагандинская академия МВД РК им.Б. Бейсенова,**

**Караганда, Республика Казахстан**

**Туркенов Талгат Куанышевич**

**Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан**

**Төлеген Перизат Қайыржанқызы**

**Балхашский гуманитарный колледж имени А. Мусина, Балхаш, Республика Казахстан  
АКТУАЛЬНОСТЬ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ ОБЩЕСТВА,  
СОДЕРЖАНИЕ ПРОЦЕССА ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ**

В статье обсуждается актуальность информационных технологий в развитии общества, а также содержание образования и воспитания. Информатизация образования – совокупность проблем развития, формирования и внедрения информационных технологий.

**Ключевые слова:** развитие общества, новые технологии, информационные технологии, информатизация, инновационный процесс, учебно-воспитательный процесс

**Turkenova Saltanat**

**Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan,**

**Karaganda, Republic of Kazakhstan**

**Turkenov Talgat**

**Academy “Bolashak”, Karaganda, Republic of Kazakhstan**

**Tolegen Perizat**

**Balkhash Humanitarian Technical School named after A. Musin, Balkhash,  
Republic of Kazakhstan**

**THE RELEVANCE OF INFORMATION TECHNOLOGY IN THE DEVELOPMENT OF  
SOCIETY, THE PROCESS EDUCATION AND TRAINING**

In given article is considers the relevance of the information technologies in the development of society, as well as the content of education and training. Informatization of education is a set of problems of development, formation and implementation of information technologies.

**Keywords:** development of society, new technologies, information technologies, Informatization, innovation process, educational process.

### **List of references:**

1. Mustafaev A.S., Shabdanova Sh. Use of information technologies in the educational process. // Knowledge. - 2002. - № 1. – P.10
2. Fundamentals of computer science. / Edited by A.N. Morozovich. Minsk. «New knowledge», 2003. – 283 p.
3. Zakharova I.G. Information technologies in education. - M., «Academy», 2003 г. – 192 p.
4. Kurmanalina S. Reliance on information and communications technology. // School of Kazakhstan. - 2004. - № 8. – P.13

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛУМАТ

Жазида Болатовна Амерханова, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Рахат Телубаевна Диянова, аға оқытушы, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Роза Мазраповна Жанысбаева, аға оқытушы, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Риза Набиевна Жапанова, аға оқытушы, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Ляззат Гинаятовна Балабекова, аға оқытушысы, Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Салтанат Ерболатқызы Қадау, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Надежда Александровна Казбекова, аға оқытушы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Асель Амангалиевна Қызылбаева, «Қарағанды Облыстық Психологиялық – медициналық- педагогикалық кеңесі» КММ, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Әсем Қалижанқызы Мұқыжан, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Зауреш Нуркеновна Нурлигенова, аға оқытушы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Асем Сериковна Сагатова, аға оқытушы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Қалимаш Амангельдиновна Сарбасова, аға оқытушы, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Каир Самигулловна Тлеугабылова, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Салтанат Серғалиевна Туркенова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Талгат Куанышевич Туркенов, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Перизат Қайыржанқызы Төлеген, оқытушы, А. Мусин атындағы Балхаш гуманитарлық техникалық колледжі, Балқаш, Қазақстан Республикасы;

Роза Жилембаевна Шалтаева, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, «Болашак» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы.

## СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Амерханова Жазида Болатовна, Карагандинский Государственный Технический Университет, Караганда, Республика Казахстан;

Балабекова Ляззат Гинаятовна, ст. преподаватель, Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Республика Казахстан;

Диянова Рахат Телубаевна магистр, ст. преподаватель, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Жанысбаева Роза Мазраповна, ст. преподаватель, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Жапанова Риза Набиевна, магистр, ст. преподаватель, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Қадау Салтанат Ерболатқызы, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Казбекова Надежда Александровна, ст. преподаватель, Карагандинский государственный технический университет, Караганда, Республика Казахстан;

Қызылбаева Асель Амангалиевна, КГУ Карагандинская Областная Психолого-медицинско-педагогическая консультация, Караганда, Республика Казахстан;

Мұқыжан Әсем Қалижанқызы, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Нурлигенова Зауреш Нуркеновна, ст. преподаватель, Карагандинский государственный технический университет, Караганда, Республика Казахстан;

Сагатова Асем Сериковна, ст. преподаватель, Карагандинский государственный технический университет, Караганда, Республика Казахстан;

Сарбасова Қалимаш Амангельдиновна, магистр, ст. преподаватель, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Тлеугабылова Каир Самигулловна, Карагандинский Государственный Технический Университет, Караганда, Республика Казахстан;

Туркенова Салтанат Сергалиевна, кандидат педагогических наук, доцент, Карагандинская Академия МВД РК имени Б.Бейсенова, Караганда, Республика Казахстан;

Түркенов Талгат Куанышевич, кандидат педагогических наук, доцент, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан;

Төлөген Перизат Қайыржанқызы, преподаватель, Балхашский гуманитарный колледж имени А. Мусина, Балхаш, Республика Казахстан;

Шалтаева Роза Жилембаевна, кандидат педагогических наук, профессор, Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан.

## INFORMATION ABOUT AUTHORS

Amerhanova Zhazida, Karaganda State Technical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Balabekova Lyazzat, senior lecturer, Karaganda State University named after E.A.Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Diyanova Rakhat, senior lecturer, Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Zhanysbaeva Rosa, senior lecturer, Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Zhapanova Riza, senior lecturer, Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Kadau Saltanat, Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Kazbekova Nadezhda, senior lecturer, Karaganda State Technical University Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Kyzylbaeva Asel, KSU Karaganda Regional Psychological-Medical and Pedagogical Consultation, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Mukyzhan Asem, Academy "Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Nurligenova Zaurech, senior lecturer, Karaganda State Technical University Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Sagatova Assem, senior lecturer, Karaganda State Technical University Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Sarbassova Kalimash, senior lecturer, Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan;

